

01-25

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: Г.Шырынханова



Педагогикалық кеңес хаттамалары

**2021 жылы
Ә.Оспанов ауылы**

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

Қатысқаны: 11

28.08. 2021ж

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның жылдық жоспарын, жылдық оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту, өтпелі тақырыптарды, вариативті компонентті бекіту

2. Балабақшадағы қажетіліктерге байланысты «Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу» Баяндама .

3. «Мейірімділік шуағы» Баяндама А.Бахтыбекова

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова

Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып , Балабақшаның жылдық жоспарын, жылдық оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту, өтпелі тақырыптарды, вариативтік компонентті бекіту жоспарларымен таныстырып өтті.

Балабақша әдіскері сөз алып ересек «Балдаурен» тобы « Өнерлі екен он саусақ» және ортаңғы «Ақкөгершін», «Айжұлдыз» топтарына «Ертегілер елінде» вариативті тақырыптар беріліп жоспарын құрып бекіттіру тапсырылды.

Екінші мәселе бойынша : Балабақшаның қажетіліктеріне байланысты «Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу» Баяндама.

Тәрбиеші. Ф.Мусаева сөз алды. Ол өз баяндамасында Өзінің денсаулығына қарайтын , тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтайтын тұлға тәрбиелеу, мәдени – гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салтын тәрбиелеу , белсенді қимыл қозғалысын дамыту, «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оқу - тәрбие жұмысын жүргіземіз. Балаларды өмірдің алғашқы жылдарынан бастап салауатты болуды үйрену керек. Балаларды өмірдің алғашқы жылдарынан бастап салауатты болуды үйрену керек. Балалар өз қолдарын жуып, жиі шомылуға, тістерін жууға, таңертеңгілік жаттығулар жасауға, таза ауада уақыты өткізуге, киімнің тазалығын бақылауға әдепттену керек. Баланың осы қарапайым нәрселерін ата-аналар балабақшаға барар алдында үйретеді. Балалар өздерінің денсаулығына қамқорлық жасай бастағанда, тәрбиешілер ата-аналармен байланысады. «Салауатты өмір салты» жобасы бүгінгі күні отандық барлық оқу орныдарында бар. Әрбір жас санаты үшін олардың бағдарламалары әзірленеді. Олардың көпшілігі бар екеніне қарамастан, олардың бір мақсаты бар- баланың физикалық, психологиялық және рухани денсаулығын сақтау, нығайту, гигиена және өзін-өзі қамтамасыз ету ережелерін үйрету, денсаулығының керемет жағдайынан гөрі бағалы ештеңе болмауы мүмкін деген ұғымға үйретеді. Әрбір педагог балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып осы мақсаттарға жетуге еңбек етеміз, бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізіледі деді.

Жарыс сөзге шығып А.Қараева шығып өз пікірін білдірді. Бала денсаулығына ата-аналардың басты назар аудару қажеттілігін атап өтті. Балабақшадан жан-жақты дамыған денсаулығы мықты салауатты өмір салтын ұстанған ақылды, тәрбиелі, дара балаларды шығару басты міндетіміз. Дені сау адам табиғаттың жемісі деп тегін айтамаған, сол себепті бала денсаулығын басты назарда ұстауымыз қажет.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақша тәрбиешісі А.Бахтыбекова «Мейірімділік шуағы» атты баяндаманы оқыды. «Мейірімділік шуағы» дегеніміз – адамның моралдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Баланың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі ұйым қызметкері жапаупты. Балалар үй ішіндегі

жақындарымен қарым қатынасында, оқу тәрбие ісінде, тікелей өмір, тәжірибиесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің нақты міндеттері:

1. Балаларды үйішіне, жақындарына, құрбы-достарына, жаплы адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
2. Адамгершілік ережелеріне сай . балалардың мінез-құлқын, ұйымдасқан тәртібін, мәдениеттілігін, жақсы әдеті мен дағдысын қалыптастыру деді. Жарыс сөзге С.Мамахан шығып өз пікірін білдірді. Баланың бойында мейірімділіктің , адамгершілік қасиеттің қалыптасуы ең бірінші ата-анамен балабақша тәрбиешілеріне байланысты болмақ. Ата –ана мен тәрбиеші баланың мейірімді болып өсуі үшін қоғам алдында жауапты екенін сезіну керек.

Төртінші мәселе бойынша : Балабақша меңгерушісі
Г.Шырынханова «Мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез – құлқы дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында тәрбиешілерді пікір алмасуға шақырды.

Сөйлегендер : тәрбиеші Ж.Алмаханова мен балаларды мейірімділікке тәрбиелеуде өмірдегі барлық материалдық және рухани байлық үлкен адамдардың еңбегімен келетінін, оны өздері күнделікті пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіремін. Үлкендердің білімі, еңбегінің арқасында біздің шаттық өміріміз қамтамасыз етіледі, әсіресе өз балабақшамыздағы аспазшы, тәрбиеші , дәрігер , күтуші , кір жуушының еңбегін бақылап, түсіндіремін. Оны құрметпен , сыйлау керектігін балалар үйреніп, түсінеді.

Тәрбиеші: А.Бахтыбекова: Мен кішкентай бүлдіршіндерімізді адамгершілікке тәрбиелеуде шыншыл болуға тәрбиелеуден бастағанды жөн көремін. Ертегі , әңгімелерден кейіпкерлердің

әрекетінен шыншыл адамды халық құрметтейтінін, шыншыл болу жақсы қасиет екенін айтамын, түсіндірмін.

Әдіскер Г.Турешова : Үлкендердің еңбегін сыйлау –арқылы да асыл сезім. Үлкендердің еңбегін сыйлау, сөзін тыңдау, мойындау, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру , бұл көрініс – жақсы тәрбиенің басы. Алғашқы адамгершілік түсініктер, баланың мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ-ең жауапты кезең.

Қарапайым іс-әрекеттер кезекшілік ету, өзін-өзіне қызмет ету, достарына ұйымдастыру, бұл көрініс –жақсы тәрбиенің басы. Алғашқы адамгершілік түсініктер , баланың мінез –құлқы мен тәртібін қалыптастыруда мектепке дейінгі шақ-ең жауапты кезең. Қарапайым іс-әрекеттер кезекшілік ету, өзі –өзіне қызмет ету, достарына көмектесу сияқты еңбек түрлерінің де маңызы көп. Себебі алғашқы еңбек дағдылары, мінез –құлқы қалыптасады.

ШЕШІМ:

1.Балабақшаның жылдық жоспарын, жылдық оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілсін. Ересек тобының вариативтік компаненттерінің жоспары түзіліп бекітілсін.Жауапты: Әдіскер Г.Турешова

2.Жалпы оқу тәрбие үдерісі кезінде балаларға мейірімділік, адамгершілік туралы түсінік беру, дағдыларын қалыптастыруы ұйымдастырылсын және іс-шараларда балалардың бір- бірімен қарым- қатынас жасап мейірімді болуына үлкенді сыйлауға, бір - бірін құрметтеуге қолдау көрсетсін.

3.Балаларды мінез құлқы дағдыларын қалыптастыруды жан жақты тәрбие әдіс тәсілдердің ескерілуі тәрбиешілерге тапсырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.Тырынханова

Хатшы:



«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқаны: 11

28.10. 2021ж

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балалармен дидактикалық ойынды қалай дұрыс ұйымдастыруға болады? Баяндама Ф.Мусаева.
3. Дидактикалық ойындар картотекасы, саны сапасы жас ерекшелігіне сай, қызықты болуы. Көрме.
4. Өткен денсаулық жобаларға есеп беру. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау. Ерте жас тобы тәрбиешісі А.Бахтыбекова «Допты алға лақтыру»
5. Бір күндік оқу жүктемесінің сақталуы. Жедел тексеру. Әдіскер Г.Турешова

Бірінші мәселе бойынша : Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова тоқталып өтті. Ол өз сөзінде : Балабақшамызда белгіленген жылдық жоспар мен күн тәртібі , ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінің кестесі бойынша оқу тәрбие үдерісі жүріп жатыр, күнделікті әдіскер қадағалауда . Әдеттегідей балаларға түсінікті, қызықты , ыңғайлы, қауіпсіз болуы ескерілуі керек. Балаларымызға жан- жақта тәрбие беруде дамытушы орталар, барлық көрнекіліктер сапалы және бала санына лайықтап алынуда. Таңертең балаларды қабылдау, ертеңгілік жаттығулар да мейірбикенің қадағалауынан өтеді. Балалардың денсаулығына мән берейік. Күннің суытуына байланысты ата -аналарға тұмаудың алдын алу жолдары жөнінде кеңестер берілді.

Жалпы балаларды адамгершілікке, еңбекке баулу мақсатында күнделікті балалардың өзі өзіне қызмет етуі, топта және аулада тазалық сақтауда, үлкендердің еңбегін сыйлауда жұмыстар атқарылуда. Өз заттарын ұқыпты жинап қою, кезекшілік етуі,

кұрдастарына көмектесуін ескертіп, дағдыландырудамыз. Күннің ІІ -ші жартысында да балалардың мінез құлқы мен тәрбиелерінің қалыптасуына әсер ететін ертегілер сахналап, желелі рөлдік ойындар ойнап, топтағы ойыншықтарды жинастыру, табиғат бұрышында еңбектер ұйымдастырылуда. Келешекте де күнделікті осы мәселелерге көңіл бөлініп, жоспарлы түрде жұмыс жүргізуді тапсырамын деді.

Екінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Ф.Мусаева «Мектеп жасына дейінгі балалармен дидактикалық ойынды қалай дұрыс ұйымдастыруға болады» атты баяндама оқыды. Баяндамада : Балаларды еңбек іс- әрекетіне қатысты, оған оң көзқарастарын тәрбиелеу, алғашқы еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру жөнінде және еңбектің ұйымдастырылатын түрлеріне тоқталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Олардың біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды.

Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді, балалар дүние тани бастайды,өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдірген мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын арқылы оқыту, бұл тәрбиешілердің ең басты міндетті.

Тұрмыстық шаруашылық еңбек : Балаларды топ бөлмесін ретке келтіруге , ойыншықтарды жинау , жууға , қуыршақтың киімдерін жуу, кітаптарды желімдеу , үстел , орындықтың шаңы сүртуге , асханада кезекшілік етуге (ыдыстарды үстелге қою, нан салғыш , майлықты қоюға) үйрету.

Жарыс сөзге балабақша тәрбиешісі А.Бахтыбекова өз пікірін білдірді. Ол өз сөзінде балаларды дидактикалық ойын арқылы тәрбиелеу арқылы баланың бойында күнделікті ой өрісін дамытады.

Балабақшада сонымен қатар табиғат бұрышындағы еңбекте бөлме гүлдеріне күтім жасауды, балықтар мен құстарды қоректендіру, бөлме гүлдерін отырғызуға үйрету. Табиғаттағы еңбек ауладағы өсімдіктерді суғару , көшет отырғызу, түбін қопсыту, арам шөптен тазартуға үйрету. Күзде ауланы жапырақтан , қыста қардан тазартуға , үлкендерге көмектесуге үйрету.

Үшінші мәселе бойынша: Келесі күн тәртібіндегі мәселе «Дидактикалық ойындар картотекасы» атты көрменің құралдары жөнінде балабақша әдіскері F.Турешова тоқталып , баға беріп өтті.

Бала тәрбиесінде ұлы ағартушылар балаға білім мен өнерден бұрын тәрбие қажет екенін айтып өткенін білеміз, осы ақылға сүйенсек , қателеспейміз деп ойлаймын, өйткені бала үлкенді сыйлау, еңбегін құрметтеу, еңбегін қадірлеу сияқты адамгершілік қасиеттерді қайдан алады. Ондай тұлғаны қайтіп, қалай тәрбиелейміз.

Балабақшада дидактикалық ойындар картотекасы саны сапасы жас ерекшелігіне сай, қызықты болу атты көрме ұйымдастырылды.

Көрмеде балаларға арналған әр түрлі дидактикалық ойындар ұйымдастырылып , сондай- ақ балалардың өз қолдан салған суреттері мен қол өнер бұйымдары көрмеге қойылды.

Кішкентайлардың сәби кезінде дағдыларды қалыптастыруды арқылы нәтижеге жетеміз. Бала жасына лайықты еңбектенуге тапсырма беріп, тиянақты орындауын қадағалаймыз. Алғашқы қарапайым түрлерін ұсынамыз. Заттарды пайдаланған соң

шкафтарға , сөрелерге қою, тазалау, жыртығын жөндеп, желімдеу немесе жинауға үйрету. Сонымен бірге топтағы табиғат бұрышы да өсімдіктерді бөлме гүлдерін күтіп баптау, немесе балық пен құстарға қоректендіріп күтуге мақсатталған осы мақсаттарға сәйкес құрал жабдықтар болуы тиісті. Балалармен жұмыс істеуге қауіпсіз ыңғайлы, жеңіл болуы керек. Көрмеге қажетті құралдардың саны аз жиналған шелектер, зембіл , тырма , күрек су құйғыш алжапқыштар, су құйғыш жапырақтар , сүртуге арналған шүберектер, түбін қопсытқыш таяқшалар , балғалар , жемсалғыш ыдыстар бар. Бала сонымен лайықтап толықтыру қажет. Мысалы су құйғышты 4-5 етіп алжапқыштар 2-3 еуге , түбін қопсытқыш таяқшалар , күректерді көбейту , кішкентай сыпырғыштар жасату керек , пластмассадан жасалған жөндеу құралдарын (балта, қысқыш, балға) заттармен толықтыру қажет деп , көрмеге орташа деген баға берілді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Бахтыбекова «Денсаулық» білім саласынан дене шынықтыру сабағы «Допты алға лақтыру» талқыланады.

Сөйлегендер: Психолог А.Умирбекова сөз алды; Тәрбиеші Ф.Мусаева алған тақырыбы қызықты болды. Балалармен саяхат ұйымдастыру арқылы қаланың көрнекті жерлерін слайд арқылы көріп, әсерлі саяхат болды. Балалардың тіл байлығы , сөздік қоры мол. Тәрбиешінің сұрағына толық жауап берді.

Кіші топ : Тәрбиешісі Ф.Мусаева тәрбиешінің сабаққа дайындығы жақсы. Дамытушы орта жақсы, таза , ыңғайлы құрылған.

Көрнекіліктер де балалар қызығатындай. Қыздар қыстық киімнің аттарын атап, қуыршақтарды киіндірді. Соның мақсатын атамады. Киініп болған қуыршақтар шетте қалып қойды.

Ересек тобы: Тәрбиешісі А.Бахтыбекова Балалар жол ережесіне арналған сұрақтарға жауапты дұрыс берді және Астана сөзін буындарға бөліп неше буын , неше дыбыстан тұратынын атады.

Сауаттары жақсы, балалар ағаштар туралы мақал- мәтелдер айтты. Оның тәрбиелік мәнін түсіндірді.

Әдіскер Г.Турешова : Тақырыбы, ұйымдастырушылық біліктілігі, балаларды өзіне баурап алуы да бәрі жақсы. Тек, автобуска мінуді дұрыс ұйымдастырмаған , ата- аналарға көрінбей қалды. Әр бала терезеден сыртқа қарап отыратындай етіп алуы керек еді деді және шығармашылық жұмыстарды әр түрлі етіп жақсы алған , сәтті шықты , балалар қызыға орындады. Балалардың бойында бір әдістемелікке , сұлулыққа, табиғатқа деген жақсы қасиеттер қалыптасады деген үміттемін. Жалпы әрбір тәрбиеші әрбір сабаққа дайындықпен, жауапкершілікпен қараса нәтижесі жақсы болады. Сабақ мазмұнына мақсатына мән беруі тиісті. Мақсатына жете алмаған жағдайда балаларды кіналау керек емес, тәрбиеші өзін кінәлі сезіну керек. Неге? Соған жеткізе алатын сөз, әдіс тәсілдер таба алмағанына.

Бесінші мәселе бойынша ; Балабақша меңгерушісі мен әдіскер және психолог балабақшада жедел тексеру жүргізілді. Тексеру барысында анықталған мәселелер ересек тобының тәрбиешісі оқу жүктемесі оқу жоспарына сай. Балалар оқу қызметіне қызыға атсалысты. Серуен кезінде балаларға ойындар еңбек бала жасына сай болуы керек . Балалардың мәдени гигиеналық дағдылары сақталуы тиіс.

Кіші жас тобының тәрбиешісі А.Қараева оқу қызметтері оқу жоспарына сай. Балалардың оқу қызметіне қызығушылығы төмен болды. Балалармен көбірек ойындар ойнату, серуен кезінде ойын , еңбек етуге үйрету.

ШЕШІМ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын қадағалансын.
2. Оқу- тәрбие үдерісінде еңбектің барлық түрлері қамтылып , жоспарлы түрде жүргізілсін. Жауапты : Әдіскер Г.Турешова , Тәрбиешілер.

- Педагогикалық кеңес төрайымы:

Г.Шырынханова

А. Маханова

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

Қатысқаны: 11

23.05. 2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің орындалуы.
2. Ата- аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі. Жедел тексеру қорытындысы. Барлық топ.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі
4. Қорытынды мониторинг

Бірінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз сөйледі: Балабақшада балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде. Күн тәртібін сақтау, құнарлы тамақ , уақытылы тынығу , сауықтыру шынықтыру жұмыстары нәтижелі жүргізу арқылы балаларымыздың дендері сау, шымыр, шыныққан тұлға қалыптасуда.

Екінші мәселе бойынша : Ата- аналармен жұмыс жоспарлау түрлері , жүргізілуі. Жедел тексеру қорытындысы . Балабақшамен ата- ана арасындағы қарым қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата -ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата- ананың алатын орны ерекше екенін түсіндіру; ата ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата- ана . «Балапан» ұяда не көрсе , ұшқанда соны әледі» деген ата бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ , бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі ата бабаларымыздан қалған асыл сөздер , яғни небір кереметтің барлығын ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз. Балабақшада барлық топта тәрбиешілердің балаға жан -жақты дене өзгерістерінің байланыстарын табуға

көмектесу. Барлық ескертулерді шын пейілмен, үстірт бағаламауға айдар тақпай жай түсіндіру. Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу. Денсаулықтың маңыздылығын құндылық ретінде түсіну. Дене тұрғысынан жетілдіру. Ертеңгілік жаттығу, күн режимін сақтау. Таза ауада болып қимыл қозғалыс ойындарын ойнау.

Ата -аналармен бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру, тәрбиешінің талаптарына ден қоюға бағыт беру. Мұндай сабақтарға ата -аналардың қатысуы балабақшадағы оқу тәрбие жұмыстары туралы ата- аналардың педагогикалық сауаттылығын арттырады, баламен қарым қатынас жасаудың жолдарын үйренеді.

Тәрбиешілердің ата- аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесін туралы терең жан жақты қарастыру және оны бекіту.

Жарыс сөзге балабақша әдіскері Ғ.Турешева сөз алды. Ол өз сөзінде балабақша тәрбиешілері мен ата -аналар арасында тығыз байланыс болуын атап өтті. Ата- аналар мен жұмыс барысында жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата -аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата- аналардың ұсыныс тілектерімен санаса отырып ата -аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ жауаптар, кештер, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата -аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс тәсілдері қарастырылуы шарт.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына тоқталып өтті.

Педагогикалық үрдістің тиімділігі тәрбиешілердің өз ісін сапалы орындауымен анықталады. Сондықтан тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбие және дамыту әдістемелері жағынан білікті болуы керек. Тәрбиеші өз жұмысын ғылыми негізде теориялық тұрғыда сауатты жүргізе білсе, онда практикада жүйелілік, бірізділік

калыптасып, нәтижесі табысты болмақ. Тәрбиешінің өмірден алған тәжірибиесі, қабілеті, адамгершілігі, қарапайымдылығы, мінез құлқы әлдеқайда жоғары деңгейде болуы тиіс. Ол қандай қиын жағдай болсын. Кедергілерге қарамастан балалармен тікелей тынымсыз жұмыс жасау болып табылады. Тәрбиешінің бір бойында бірнеше қызмет бар. Ол жаңа үрдісте заманауи техногигиларды енгізу арқылы ұйымдасқан оқу қызметі, семинарлар, ғылыми жұмыстар мен тағы да басқа сайыс байқауларды ұйымдастырып өткізуші, басқару арқылы нәтижелерге қол жеткізуін қолдаушы болып танылады.

2-ші болып Тәрбиеші А.Қараева өз сөзінде мен өзімнің әріптестеріме жаңа инновациялық, әдістемелік көмек беріп, оларға мейірімділікке, шыдамдылыққа, кешіре білуге бағыт беріп келемін. Қызметкерлерімен тең жағдайда сырласып, тыңдап, мен өз балабақшамның жұмысын жетілдіріп, жоғары деңгейде көтере алатыныма сенемін. Менің тәрбиешілік қызметімнің нәтижелігі өзге де педагогтардың өзін өзі тануға ықпал жасау. Әрбір маман шығармашылығын, шеберлігін, талантын жаңғыртып, өз ісінің шебері атанса және оны балалармен жұмыста көрсете алса мен оны еңбегімнің жемісің деп түсінемін. Педагогикалық озық технологияларды ұйымдасқан оқу қызметі барысында пайдаланып, балалардың шығармашылығын дамытуға ақпараттық техногигиларды пайдалану арқылы жүзеге асырамыз. Бес жастағы бала зейінін дамытып, жеке тұлғаға айналдыру әр тәрбиешінің басты міндетті.

Төртінші мәселе бойынша : Балабақша әдіскері Ғ.Турешова сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің балалардың қорытынды мониторинг жүргізу тәсілдеріне тоқталып өтті. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері. Балалардың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі; мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін; баланың біліктері мен дағдаларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін; мектепке дейінгі жастағы баланың біктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін ақпараттық

коммуникациялық технологияларды игіруі қажет. Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі екі жастан алты жасқа дейінгі балалар. Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері. Стандарт талаптары бала дамуының үш деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады: 1) 1-деңгей- бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталайды; 2) 2-деңгей - бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие ; 3) 3- деңгей бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері : балаларды бақылау ; әңгімелесу; бала әрекетінің өнімдерін талдау деп атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындаласын.
2. Тәрбиешілердің ата аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесі туралы терең жан жақты қарастыру және оны бекіту.
3. Оқу тәрбие үдерісінде еңбектің барлық түрлері қамтылып, жоспарлы түрде жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г. Кырынханова

А. Маханова

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқаны: 11

20.03. 2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімін орындауы.
2. Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның қарым қатынасы. Баяндама Тәрбиешілер А.Бахтыбекова
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талдау

Бірінші мәселе бойынша : Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Ғ.Турешева сөз алды.

Күннің жылынуының өзі балаларымызға үлкен түрлі ойындар, серуен ұйымдастырылып серуен кезінде бақылау еңбек , зерттеу ойындарын, құмнан қалашық жасау басталады. Құмды қолмен ұстамау, қалақша , күрекшелермен ыдыстарға салып түрлі құрылыстар жүргізіп, қызығып ойнауды, Балалар құммен өте қызыға ойнайды , қанағаттанып , өзінің ой қиялындағы нәрсені жасағысы келіп өзіне еркін ұстайды.

Тәрбиешілермен бірге құм салғышты толық толтырылғанын құмның ережеге сай тазаланып тұруы қадағалануда.

Сонымен бірге тәрбиешілер А.Қараева, А.Бахтыбекова вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы туралы берілген ұсыныстар орындалуда. Тақырыптар түзеліп, жоспар мазмұны мен көрнекіліктер мен материалдар толықтырылып жүргізілуде . Жас ерекшеліктерін ескерілді. Балалардың қызығушылығы артты. Үлестірмелі және дидактикалық материалдық толықтырылуда.

Екінші мәселе бойынша : Балабақша тәрбиешілері А.Бахтыбекова «Бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның қарым қатынасы» тақырыбында баяндама оқыды. Бала тәрбиесі күрделі де ауқымды мәселе баяндамада оны айтып жеткізу мүмкін емес . Балаларымыз

болашағымыз , бала тәрбиесі елеміздің әлеуеттік дамуының , құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіреген ертеңгі болашақ , яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі . Тәрбие тал бесіктен деп айтқандай , отбасынан бастау алатын тәрбие балабақшамызда да жалғасын табады. Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуын ондағы қарым қатынас түрлерінің орнығуына байланысты . Балалардың күн тәртібін үйдеде сол тәртіп өзгеріссіз болуы тиіс. Ата анамен тығыз байланыста болып отырып , әр баланың жеке дамуы арқылы , мінез ерекшелігі арқылы дұрыс бағытта тәрбиелеу. Балабақша тәрбиешісі «Геометриялық пішіндер» тақырыбында өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиеші А.Қараева Тәрбиешінің өткізілген оқу қызметі маған ұнады, тосын сәтте пішіндердің тапсырмаларын балалар қызыға орындады. Сергіту сәтін балалар көңілді орындады.

Тәрбиеші А.Бақтыбекова мен А.Досанованың ұйымдастырылға оқу қызметі балаларға қызығушылық танытты. Дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытты. Ұқыпты жұмыс жасауға , бір бірінне сыйластық таныту, қарым қатынасқа тәрбиелеу мақсатына сай өтті.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалсын.
2. Тәрбиеші А.Бақтыбекованың баяндамасы хаттамаға қоса тігілсін.
3. Тәрбиеші А.Қараеваның ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс тәсілдер мен материалдар, іс тәжірибиелерін тәрбиешілер оқу тәрбие үдерісіне ендірсін. Жауапты тәрбиешілер.

Педагогикалық кеңес төрайымы :

Хатшы:



Қызырханова

А.Маханова

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқаны: 11

23.12. 2021ж

Күн тәртібі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешемідерінің орындалуы.
2. Салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға тәрбиелеу. Тәрбиеші А.Қараева
3. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересек «Балдаурен» тобы «Өнерлі екен он саусақ», ортаңғы «Ақкөгершін», «Айжұлдыз» топтарында «Ертегілер елінде» тақырыптары бойынша
4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекетін талқылау. Кіші жас тобы «Қыс қызығы- ақша қар»

Бірінші мәселе бойынша: Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды: Ол өз сөзінде : Баланы білімге , ғылымға тәрбиелеуден алдын адамгершілікке, еңбекке тапсырманы орындауға, ережеге бағынуға үйретуге нәтижеге жететініміз белгілі. Балабақшада өзін адам әлемінің өкілі ретіндегі алғашқы түсініктерін қалыптастыру мақсаты бар. Адамның өсуі үшін қажетті заттар су, ауа , жарық , жылу , тағам, қозғалыс, демалыс, күтім керекті , ол қажеттіліктер үлкендер қызметімен , еңбекпен келетінін ұғындыруымыз , алғашқы түсінік пен дағдыларды қалыптастыру үлкен еңбек. Ол үшін өз- өзіне қызмет етуді үйретуіміз, достарына көмектесуіміз, кезекшілік ету, табиғат бұрышында еңбек ету, табиғаттағы еңбектер қалай ұйымдастырылады?

Тәрбиеші : А.Бахтыбекова «Балдаурен» тобының балалары да үлкендер еңбегін бағалап, сұрақтар қойды. Асханаға серуенге барғанымызда тамақ пісіретін үлкен шұңғыл ыдыстар мен

эртүрлі шөміштер, қазандар, азық- түлік сақтайтын қоймадағы ұнның ыдысын, пышақтар тақтайшалар түрін көріп, эртүрлі ой келіп сұрақтар қойды. Топта да өздері кезекшілік етуге қызғады. Әсіресе сабаққа қажетті құралдар тарқатқанда , еңбек бұрышында , табиғат бұрышында қуана еңбек етеді. Аулада да, тазалыққа тәрбиелеуге еңбек етеміз. Сонымен қатар әр топ тәрбиешілері еңбек түріне тоқтатылып , өз жұмыстары жөнінде айтты , қандай жұмыстар жоспарланып отырғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша : тәрбиеші А.Қараева «Салауатты өмір салтын дұрыс ұстауға тәрбиелеу» атты баяндама оқыды. Баяндамада: Балабақшада салауатты өмір салтын сақтау жөнінде айтылды. Денсаулық сақтау бойынша педагогикалық үрдісті ұйымдастыру жоспарлау үшін балалар мен үлкендердің бірлескен іс-әрекеті. Күнделікті күн тәртібінде таңғы жаттығу , серуен , қимылды ойындар, таза ауада шынықтыру, түрлі ойындар өткізу. Жобалау іс- әрекеті оқыту жүйесі барысында балалардың білімі біліктілігі, белсенділігі, дағдысы біртіндеп күрделенген тәжірибиелік тапсырмалардың жүйелі түрде орындалуы. Жобалау іс -әрекеті үшін күрделі , өзекті , түсінікті мәселелер алынып, танымдық , тәжірибиелік , элементтік маңызды тақырып бойынша ата- аналар мен балалардың бірігіп еңбектенуі арқылы жүзеге асады. Балалардың қоршаған ортаны жан -жақты танып білуіне әрқилы іс- әрекетерге қызығушылығын оятуға үлкендермен бірге қиындықтарды жеңуге, сұрақтарға жауап іздеуге, ойлау қабілетін дамытуға жағдай туғызады. Қойылған мақсаттарға жеткен кезде , қиындықтарды жеңген уақытта балалардың мақтаныш сезімін оянып , жетістікке жеткенде мерейі үстем боп, үлкендердің қолпаштауы балалардың өздеріне деген сенімін күшейтіп, жаңа ізденістерге талпынуына әсер етеді. Үшінші мәселе бойынша: Салыстырмалы тексеру қорытындысы бойынша ересектер тобында вариативті ересек «Балдаурен» , ортаңғы «Ақкөгершін» , «Айжұлдыз»

топтарында «Өнерлі екен он саусақ» және «Ертегілер елінде» тақырыбында, олардың пайдасы туралы балалар меңгерген. «Ертегілер елінде», «Өнерлі екен он саусақ» вариативтік бойынша балаларға түрлі ертегілерді сахналау, образға ену т.б меңгерткен.

Ұсыныстар : балаларға дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл ұзарту жаттығуларын үйренту. Ертегілердің мазмұнын айта білуге, сөздік қорларын толықтыру.

Төртінші мәселе бойынша: кіші жас топ тәрбиешісі

А.Досанова «Қыс қызығы» атты ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті талқыланды.

Сөйлегендер: Тәрбиеші А.Қараева маған топқа кіргендегі дайындық ұнады. Материалдар көздің жанарын аударып, тартымды, қызықты сабақ екені байқалды, балалардың ықыласы ұнады, кезекшілік етіп тәрбиешіге ұйымдастыруға көмек етіп жүр. Әр балаға жеткілікті етіп алынған суреттің әдіс тәсілдерін де меңгеруге әрекеттенуде.

Психолог А.Умирбекова : Балаларды кішкентайынан үлкенді сыйлауға, еңбектерін құрметтеуге үйрету халқымыздың жалғасып келе жатқан бір мұрасы деп білемін. Бүгінгі сабақтан балалар өздеріне көп мағлұмат алып қана қоймай тәлім тәрбие де алды. Сабақтың басты мақсаты да сол емес па мақсатына жетті деп ойлаймын.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Қараева : Тәрбиеші әрқашан барлық баланың қабілетін дамуын ескеру қажет, байқауы керек. Жаны балаларға жақын болуы тиіс. Жас маман ретінде ізденуі жақсы, дегенмен тәжірибе жинақтауға, дами түсіп, шындалды деп ойлаймын. Тілді жақсы меңгерген өзі балалармен жеке жұмыстар көбірек жоспарлау керек деген ұсыныс айтамын.

Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова : Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті басқа салалармен байланысқан. Халықтық педагогикалық санау тәсілдері меңгеру, әлеуметке ену, қоғамдағы үлкендер жұмысы шығармашылықты қамтыған.

Балалар жас ерекшелігіне сай сахналап жатыр. Бәрі жақсы тек тәрбиешіміздің маман ретіндегі біліктілік аз екен, жас маман екені дайындағаны материалдарды толық пайдаланбағанынанда көрінді. Әңгіме сұхбат кезінде тіптен жанданар еді. Рөлдерді белсенді басты рөл әтешке сәл елгезектеу, тілі пысықтау бала алғаны дұрыс деп ойлаймын. Мен үздіктен төмен жақсы деген баға беретін деді.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
Жауапты: Әдіскер Ғ.Турешова

1. Салыстырмалы тексеру қорытындысы жөніндегі айтылған кемшіліктер мен толықтырулар орындалсын. Жауапты: әдіскер Ғ.Турешова

Тәрбиеші А.Досанова «Қыс қызығы ақша қар» атты ҰОІӨ і жақсы деп бағалансын және тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне ендірсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Т.Шырынханова

А.Маханова